

## Жануарларға арналған панажайларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы № 167 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 мамырда № 28149 болып тіркелді

**ЗКАИ-ның ескертпесі!**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.**

"Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" Қазақстан Республикасының Заны 7 -бабының 7) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жануарларға арналған панажайларды есепке алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Зан қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрі

С. Бекешев

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Каржы министрлігі

"КЕЛСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қазақстан Республикасы

Экология, геология және

табиғи ресурстар министрі

2022 жылғы 20 мамырдағы

№ 167 бұйрығына қосымша

## **Жануарларға арналған панажайларды есепке алу қағидалары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Жануарларға арналған панажайларды есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және жануарларға арналған панажайларды есепке алу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) жануарларға арналған панажай – тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған жануарларды, қараусыз қалған және қанғыбас жануарларды, сондай-ақ жеке немесе занды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген үй жануарларын (компаньон-жануарларды) ұстауға арналған және жабдықталған муліктік кешен;

2) жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы уәкілетті орган – жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы басшылық пен салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) жануарларды есепке алу жөніндегі бірыңғай деректер базасы (бұдан әрі – деректер базасы) – ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығын көздейтін, олар бойынша жануарларды, оқиғалар мен іс-қимылдарды тіркеуге арналған, тиісінше жеке және занды тұлғаларға қолжетімділік берілетін электрондық деректер базасы.

3. Осы Қағидаларда көзделген жануарларға арналған панажайлар жүзеге асыратын барлық іс-әрекеттер Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес деректер базасында тіркеледі, оған қол жеткізу жануарларға арналған панажайлардың иелеріне өтеусіз негізде беріледі.

### **2 тарау. Жануарларға арналған панажайларды есепке алу тәртібі**

4. Деректер базасына мәліметтерді енгізуді есепке қою үшін электрондық өтінішті толтыра отырып, жануарлар панасының иесі жүзеге асырады.

5. Электрондық өтінішті жануарлар панажайының иесі өзінің электрондық цифрлық қолтаңбасын күеландыра отырып береді.

6. Электрондық өтініш келесі мәліметтерді қамтиды:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі не жануарларға арналған панажай иесі болып табылатын заңды тұлғаның атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) жануарларға арналған панажайдың атауы;

3) жануарларға арналған панажай орналасқан жерінің мекен-жайы;

4) жануарларға арналған панажайдың сыйымдылығы;

5) жануарларға арналған панажайдың жабдықталуы туралы мәліметтер;

6) жануарларға арналған панажай мамандарының саны туралы мәліметтер;

7) жануарларға арналған панажайдың жануарлардың нақты саны.

7. Ауданның, облыстың, аудандық, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органды (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жануарларға арналған панажай иесінің электрондық өтінішінде берілген мәліметтерді З жұмыс күні ішінде қарайды.

Электрондық өтініште қамтылған мәліметтердің толық еместігі анықталған жағдайда жергілікті атқарушы орган өтінішті деректер базасында қараудан бас тартады

8. Жергілікті атқарушы органдарының оң нәтижесі болған жағдайда жануарларға арналған панажайға орналасқан жерін көрсете отырып, мынадай белгілері бар тіркеу нөмірі (он төрт символдан тұратын) беріледі:

1) алғашқы үш белгі – стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның ISO кодына сәйкес Қазақстан Республикасының коды (үш сан – 398);

2) төртіншіден бесінші белгіге дейін - ұстасу орнының түрін білдіретін сандық код;

3) алтыдан он төртке дейінгі символдар – бірегей реттік нөмір.

9. Жануарларға арналған панажайды ұстасу жөніндегі қызметті тоқтатқан жағдайда, жануарларға арналған панажайы иесі жергілікті атқарушы органға деректер базасына электрондық өтініш беру арқылы қызметтің тоқтату жөніндегі қабылданған шешімді хабарлайды.